

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ауданының білім  
болімшің «Аягул» бебекжай-балабақшасы МКҚК

Менің елім, мәңгілік ел

Карантин : Мамбетова Нат

## **Тақырыбы :Менің елім мәңгілік ел**

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының тұнғыш президенті Н.Ә.

Назарбаевтың халыққа арналған жаңа жолдауымен таныстыру. Жолдауда қойылған мақсаттарды түсіндіру арқылы, өз елі мен жерін мақтаныш етуге, еткен тарихын біле отырып, отансуыгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** - суреттер, кітаптар көрмесі, қазақ елі суреттері, Қазақстан Республикасының рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Гимні, нақыл сөздер, Қазақстан туралы әндер.

Колданылатын әдіс - тәсілдер: Сұрап - жауап, әнгімелуеу, талдау, түсіндіру.

### **I-Кіріспе**

#### **Достық шеңбері.**

Сәлеметсіздер ме балалар! Сендерді көргеніме оте қуаныштымын.(шеңбер күрып, кол ұстасып тұрайық).

Балалар, бір – біріңе қарандар... Жынысындар...сендердің жылы жүздерін мына сынып ішін жарқыратып жіберді. Қолдарынды түсіріндер... «Көнілді күлкінді сыйла» жаттығуын орындаімыз. Мен бетімнен көнілді күлкінді «шешіп»( бетіне қолынды тигізіп, күлкін «шешеді») көршіме сыйлаймын.

Балалар маған жынысып, күлкісін «шешіп» келесі балаға жібереді.

Міне біз бір – бірімізге жылы жүзben, әк көнілмен, қуанышпен қарадық. Менің балаларым көнілді, өзара тату-тәтті жүргендері қандай керемет!

### **II- Негізгі бөлім**

- Біз қандай мемлекетте тұрамыз?
- Қазақстан.
- ҚР-ның халқы қай тілде сөйлеу керек?
- ҚР –ның халқы қазақ тілінде сөйлеу керек.
- Біздің мемлекетті кім басқарады, тұнғыш президентіміз кім?
- Президент, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

#### **-Қазір Қасым Жомарт Тоқаев**

Балалар тұнғыш президентіміздің Қазақстан, жолдау, президент сөздері жазылған паракшаларды алып, әнгімелуеу

Қазақстан туралы не білеміз?

- Мен Қазақстанда тұрамын. Мен Қазақстанда білім алып жатырмын. Мен еліммен мақтанамын. Елімнің гүлдене бергенін қалаймын.

Қазақ халқы туралы не білеміз?

Міне, балалар біздер елімізben мақтанамыз. Бұл еркіндік оңайлықпен келген жок. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қашама қыын-қыстау кезеңдерді бастаң кешірді. Мындаған жылдық тарихы бар. Қазақстан тәуелсіздік алды.

Елбасымыз биылғы дәстүрлі «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашак» атты жолдауында жарқын болашаққа айқара жол ашты. Ондағы ең өзекті мәселенің бірі, бірегей қазақ тілімен 2025 жылы латын әліпбіне көшу жайы көшірілікті ерекше қуанышқа бөледі. Тәуелсіз ұлт болудың ежелгі шарттары: өзіне тән тілі, сенетін діні, салт - дәстүрі, жазуы, басқа ерекшеліктері болу.

Енді Жолдауда айтылған өркениетті дамыған 30 елдің қатарына жету бағыт -

багдарына ілесу, үлес косу ісі тұр алдымында. Латын қарпіне көшу сол еркениет шынында тұрган 30 елге жақындастыра түсіп, олармен коян - қолтық бәсекелесуге жаңа негіз қалайды. Өскелен үрпақ үшін тіктен тиімді. «Ұлт денсаулығы - біздің табысты болашағымыздың негізі» тарауында Қазақстан халқының денсаулығын сактау, балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз ету ісіне жаңа тәсілдер енгізу мәселесі, ауылдағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру көзделген. Бұл Жолдаудың іске асырылуы - Қазақстан Республикасын әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына шығаратыны сөзсіз.

«Бір халық» - бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мұдделер,

«Бір ел», бұл - барлығымыз үшін ортақ Отан.

«Бір тағдыр», бұл - біз бірге жүріп өткен қындықтар мен жеңістер!

Міне, қоғамдық келісімді шайқалтпай ұстап тұратын табаны таудай үш таған. Қоғамдық келісімсіз мемлекет бір адым да ілгері жылжи алмайды.

Елбасымыздың биылғы жолдауында алдымен мемлекетіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміздің, өнірлік көшбасшылығымыз беріліміздің дағдарыста сигналуы сөз болды.

Еліміздің 22 жылда айтарлықтай жеткен жетістіктеріміз сараланып, әлем алдындағы беделіміздің асқаңтағаны айқындалды. 1997 жылғы жолданған «Қазақстан – 2030» стратегиясының 16 жыл ішінде мақсат міндеттерінің орындалуы қорытындыланды. Ендігі біздің нақты мақсатымыз – 2050 жылға каратай әлемнің аса дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу, деп атап өтті Қазақстан басшысы. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер: ресурстар, білімді адамдар, жұдырықтай жұмылған үлт бар, деді Елбасымыз.

Әңгімелесейік:

Елбасы мынаны баса айтты: «Қазақстандағы қоғамдық келісім, ең алдымен, қазақтың келісімі екендігін мықтап есте сақтаған абзal. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сактау мүмкін емес». Енде, Ассамблея – барша қазақстандықтың мұддесі! - деген болатын.

Біз: «Мен – қазақстандықтын, өз елімде мен үшін барлық есік ашық!» – деп айта алатын әділетті қоғам құрып жатырмыз.

Бүгінде біздің азаматтар үшін барлық есік, барлық мүмкіндік, барлық жол ашық.

Біз көпіз және бәріміз – бір Елміз, бір халықтыз. Өз еліне пайдасын тигізу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – әрбір жауапты саясаткер үшін, әрбір қазақстандық үшін парыз жәнеabyroй. Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырық.

Тыныштық сәті.

Балалар! Жайғасып отырындар. Бүгінгі бейбіт, бақытты күнге жеткенімізге Тәуелсіздік жолында қаза тапқан отандастарымыздын арқасында екенін ұмытпайық. Ишімізден оларға рахметімізді айтып журейік. Басымызға қауіп төңген сәтте бір – бірімізге көмекке келуге дайын екенімізді айтайық.

#### Жүректен жүрекке.

Барлығымыз шенберге тұрайық, қолымызды қатты ұстайық.

Достық тату өмірге,

Дүние жузі сенеді.

Соғыс өртін өшірсе,

Бейбітшілік женеді!

1. Біз көшіз және бәріміз – бір Елміз, бір халықпыз.

2. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты.

3. Біз бәріміз бір атанаң – қазақ халқының ұлымыз.

4. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы.

5. Бұл дүниеде біздің бір гана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан.

6. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық.

Ән: Кек тудын желбірегені. (тыңдалады)

Бір ата, бір аナンЫН түлегіміз

Бір болсын қайда жүрсек тілегіміз

«Бірлік барда тірлік бар » деген бабам

Бірлік деп бірге соқсын жүрегіміз!

#### **III-Қорытындылау**

Мен 21-ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін.

Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болады.

Казақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық.

Біз көздеңен мақсатымызға міндетті түрде жетеміз.

Аңсарлы азаттығымыз бен тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын! -

деген елбасымыздың қорытынды сөзімен сабагымды аяқтаймын

қатысқандарының үшін рахмет!